



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

КӘСІПкерлік және Кіші Кәсіпкерлік даму агенттігі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БАҒЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ

## «БӨТЕН»

Шынын айтсам, бильярд ойнауға ықыласым да, артық ақшам да жоқ еді. Тек, қолына қарға тышса бітті, тас ұруға асығатын жора-жолдастардың бірі жолығып қалар деген есекдәмемен бас сұға салған болатынмын.

Шақырайған ыстықтан быршып терлеп, таңдайым кеуіп, қаталап қалыппын. Бір-екі саптыаяқ сыра өңештен өтсе, шаршағаным басылып, көзім шырадай жанбасына кім кепіл?.. Санамда осы ой сап еткені мұң екен, аяқтарым өзі сүйрей жөнелді. Жайлап төмен басып келемін.

Жертөле қабаттағы бильярд залы әдеттегіден де күңгірт көрінді.

Даладан келгесін бе, көзім үйренбей, босағада сәл кідірдім. Ат шаптырым зал ішінде өлі тыныштық. Шамасы, дивандардың біріне сұлай салған болуы керек, барменнің өзі жоқ. Тек түпкірдегі бір үстелдің ғана жарығы жанып тұр. Соған қарай аяңдадым. Алпамсадай жігіт ағасы тақта бетіндегі шарларға тесірейе қарап қалыпты. Құдды бір мүсін сияқты. Ту сыртына кеп тұрған мені аңғармады.

Қашанғы қалшиямын, ақырын жөткеріндім де, барға қарай жүрдім. «Тас мүсінге» де жан бітті. Жақтырмай көз тастады да, қызыл шармен лузаның аузына тақау тұрған бір шарды гүрс еткізді. Соққысының мықтылығы сонша, шар үстелден секіріп кетті.

Топшылағанымдай, бұйрабас барменді диванда жатқан жерінен таптым.

– Бүгін ерте келдіңіздер ғой, қай үстелді аласыздар? – деді ол көзін тырналап.

– Әзірге жалғыз өзім. Тағы біреулер кеп қалса, көре жатармыз. Сыраңнан құйшы!

– «Восточный» ма, «Кружка свежего» ма?

– Бәрібір. Соңғы келген кегаңнан құй.

Бейтаныс бұл кезде босқа шығын болған уақытының өшін алғысы келгендей өршелене ұрып жатты. Мен оған қапталдас, Лев Толстойдың «Нигде и ни в чём так не проявляется человеческий характер, как за бильярдным столом» деген сөзі жазылған қабырғаға тақау үстелге жайғастым. Бекер отырмай жаңа бір тәсіл үйреніп қалайын деген ниетім де жоқ емес сияқты. Көзім бейтаныс бильярдшыда.

Байқаймын, осал ойыншы емес. Шойыннан құйғандай шомбал денелі, бұлшық еттері шиыршық атады. Қимылы шалт. Кийді ұстауы да мығым. Көп көздеп жатпай, сілтей салады да, үстелдің келесі жағынан бір-ақ шығады. Аппақ кроссовкасы жалт-жұлт етіп, қара көлеңкені кескілеп жүр. Алайда түп-түзу ұрған шарларының көбі тесікке түспей, діңкесін құртты.

– Әкесс... – деді ол бір уақытта маған қарай бұрылып. Көкшілдеу көзі от шашып тұр екен. – Кий ұстамағаным отыз жылдан асыпты. Кел, ойнайық!

– Аға, мен бәлендей ұра алмаймын.

– Менің де қырып жатқаным шамалы. Қанша дегенмен, екеудің аты –

екеу ғой. Серік бол.

– Е, мейлі, – деп келісе кеттім.

– Бауырым, – деді ол бар жаққа дауыстап. – Мына жігітке ішіп отқан сырасың, маған өзімдікін әкел!

Кепкімді шешіп, кий таңдауға кірістім.

– Есімім Берік, – деді ол қызыл шарды зып еткізгесін барып. Жүзіне күлкі үйіріле бастады.

– Дәулет!

Екеуіміз қол алыстық.

– Міне, көрмейсің бе, екеудің аты – екеу, қол шыға бастады.

Ол осыны айтты да, келесі шарды ұрды. Кірмеді. Кезек маған тиді. Менің ұрған шарым қаңғып барып басқа лузаға еніп кетті.

– Дурак қой! – дедім ыңғайсызданып.

– «Дурак в штанах». Бильярдта ақымақ шар болмайды. Ол – сенің несібең. «Своякка» бейім екенсің, ә? Мен тек чужой ұрамын! То есть, ұратынмын. Оның өзінде тек қызылмен!

– Бильярдты қайдан үйреніп жүрсіз? – дедім, әңгімені жалғастырудың басқа ретін таппай.

– О! Әкемнен үйренгем. Әкем «детдомский» ғой. Қолынан келмейтіні жоқ-тын. Бильярдтың пірі еді. Төбелесті де соятын, нағыз «мужик» болатын. Небір дәулеріңді бір-ақ ұрып ұйықтататын. Біздің ауылда оған тұрған адам жоқ.

Кеудесін көтеріңкіреп, соңғы сөйлемдерді мақтанышпен айтты. Төбелес әлемдегі мен араласпайтын жалғыз тақырып еді. Бұрылып бара жатқан кепті бастапқы бағытына салып, сұрағымды басқаша қоюға тура келді:

– Совет үкіметі кезінде, бильярд аса тарала қоймапты деп естіп ем.

Сонда ауылдарыңызда бильярд болды ма?

– Басқанды қайдам, біздің ауылда болды. Оны да директорға айтып алдыртқан әкем екен. Інім екеуімізге өзі үйретті.

– Ініңіз де мықты бильярдшы шығар.

Қарсыласымның қабағы кіржің етті. Менің сөзімді естімеген сыңай танытып: «чужой!» – деді өктемдеу үнмен, ұрғалы тұрған шарын иегімен нұсқап. Қызыл шармен сыртынан соққанымен, кірмеді, қайта келесі шар барып лузаның аузына тұра қалды. Түртіп қалсаң лып еткелі тұр, оңай тасты ұруға жаңа ғана танысқан кісіден ыңғайсыздандым.

– Ұр! – деді ол бұйырып. – Қателескендерді жазалау парыз!

– «Чужой» – дедім мен де.

– О, екі шарың бар. Жарайсың, жігітім! Кел, осы шарың үшін ұрттап қоялық.

Сырамен бірге ойын да қызып, қып-қызыл тартысқа айналды. Ол қанша оңай олжа тұрса да қызыл шарды соғады. Мен қайсының ыңғайы келсе, соны ұра саламын. Бұл енді он бес адамның бір адамға жабылғаны сияқты әділетсіздік көрінсе де, оның таңдауы еді. Ұтылып алға шыға бастадым. Қарсыласым күреңітіп, одан сайын ерегесе түсті. Неше

жерден жеңіліп бара жатса да, оның оңай шарды олжа тұтпасын ұқтым.

– Жүр, темекі шегіп қайтайық, – деді қарсыласым менің кезекті шарымнан соң саптыаяқты төңкеріп тастап. – Қайтып келгенше екіншісін құйдырып қоямын!

Шылым тартпайтын едім. Көңілін қалдырмайын деп қана соңынан ердім.

– Өзің кім боп істейсің? – деді ол темекісін тұтатып жатып.

– Өзіммен өзім, еркін адаммын.

– Немен күн көресің?

– Оны-мұны түртетінім бар. Жұрттың кітабын жазып беремін.

– Охо, – деді серігім танауынан түтінін будақтатып. – Сен нағыз маған керек адам екенсің. Егер менің өмірімді жазсаң – нағыз кино! Драма!

Трагикомедия! Жазасың ба?

– Айтып көріңіз.

– Айтсам, атам молда кісі екен, репрессияда сотталып кетіпті. Өте сабырлы, тақуа кісі бопты, – деп бірінші темекіні мыжғылап сөндірді де, іле екіншісін езуіне қыстырып. – Әкем детдомда өсіпті. Апасы туыстардың қолында қалыпты. Детдомнан қашып шығып ауылға кеп, апасына тиіскендерді төмпештеп тұрады екен. Армиядан келген соң Ресейде жұмыс істепті. Ол жақтағылар сыйдыртпаған соң елге оралып, үйленеді. Мұндағылармен де біраз қырқысыпты.

Мұндай мысал әр ауылдан кездеседі емес пе, зая кетер уақытымды ойлап, тықырши бастадым. Желкесі шүйдей, шашы кірпідей ағамның қаперіне ештеңе кіріп шығар емес, көкшіл көздерін сығырайтып алып, терең ой құшағында отыр. Қарбыздай ірі басты анау бұқа мойынның өзі көтере алмағандай, төмен салбырап барады.

– Сырттан келген соң ба, ауылдағылардың бәрі бізге өш-тұғын. Әкемнің де жұдырығы аз тимесе керек. Інім екеуміз ересек балалардан күнде таяқ жейміз. Әкем соның бәрін сезіп жүрсе де, қыңқ демеді. Жұмыстан келгесін бізді жаттықтыратын. Қораның іші спортзалдан кем емес. «Қайда барсаң, Қорқыттың көрі», төбелестен құтылмайтын болдым-ау дедім ішімнен. Алайда ақыр соңына дейін тыңдайын деп шештім. Көрейік, қандай «кино» екенін.

– Тоғыз оқып жүрген кезім. Жеті оқитын інімді оныншыда оқитын арғы көшенің баласы сабап жіберіпті. Үсті-басы ала-дала қан. Әрең шыдап жүр едім, іздеп барып, қораның артына шығарып, сілейтіп салдым. Қолым қатты тигені сондай, мұрны сынып қалды. Қан бұрқ етті. Ойбайлап қашып ол кетті. Кегім қайтқанына мәз болған мен әрі қарай доп қуалай жөнелдім.

– Аға, әңгімені ішке барып жалғастырайық. Бильярд қосулы қалды ғой. Ақшасы текке жүріп жатыр.

– Қорықпа, өзім төлеймін. Таксист демесең ағанда ақша жетеді.

Назарымыз сөзге ауған соң ба, жоқ әлде сыраның әсері ме, одан әрі ойынымыз онша мандымады. Есесіне, мәжіліс қыза түсті.

– Содан кешке үйге келсем, ауладан шаң-шұң айқай шығады. Мұрны сынған баланың шешесі көшені басына көтеріп жатыр. Жүрегім су ете қалды. Жаза бассаң, жон терімнен таспа тілетін әкемнің мінезі белгілі. Біттім дедім. Дегенмен жағдай басқаша өрбіді.

– Ұрғаның рас па? – деп сұрады әкем. Өтірік айтсаң – өлгенің.

– Рас, – дедім мұрнымның астынан.

– Неге ұрдың?

– Ол өзі бірінші Сәбиттің (інімнің аты) мұрнын қанатыпты.

– Жабылдыңдар ма, жекпе-жек шықтыңдар ма?

– Бірге-бір төбелестік.

Әкемнің қабағы жадырай бастады. Өзі көп сөзге жоқ адам еді, тамағын кенеп алып, былай деді:

– Бүкіл ауылдың баласы жабылып, менің ұлдарымды күнде ұрады.

Бұлар бір рет те жылап келген емес. Мұрны сынса, бірінші тиіскен өзіңнің балаңнан көр. Ұлым, дұрыс істегенсің. Өзің ешкімге тиіспе, тиіскенді аяма!

Соқталдай ұлын жетектеп, шешесі шарбақтан шығып кете барды.

О, бұл әкемнен өмірімде бірінші рет естіген мақтауым еді. Екінші рет, он жеті жасымда, бильярдтан өткен ауылышілік турнирде оның өзін жеңіп, бірінші орын алғанымда арқамнан қағыпты.

Әкем інім екеумізді ертіп ұзақ жүрді.

– Мен осы күнді – сендердің ержеткендеріңді қанша күттім! – деді ол тебіреніп. – Міне, өз қолдарың өз ауыздарыңа жетті деген – осы. Енді

ешкім сендерді басынбасына көзім жетті. Өмір бойы бір-біріңе қорған боп жүріңдер! Менікі-сенікі деген болмасын. Екеуің өзара қырқыссаңдар, мен көрде тыныш жата алмаспын!

Сөзін бөлуге тура келді:

– Аға, ұратын кезек сіздікі. Анау бұрышта әдемі «чужой» тұр. «Енеңізді» алып сарт еткізбедеңіз бе, – дедім қарсыласыма жаным ашып.

– Көрмегенім «ене» болсын, – деді ол. – Әкем мұндайды көзін жұмып кіргізетін.

Ол барын салып ұрғанмен шар кірмеді. Манағыдай емес, залдың іші қараң-құраң адамға толыпты. Босаға жақтағы бір топ гүж-гүж етіп, барған сайын дауыстары зорайып барады.

– Жарайды, әкем туралы айтқанымның бәрі кіріспе, – деді серігім кезекті рет шылым тартуға шыққанда. – Нағыз «қызық» жеріне енді жеттік. Сонымен, оқуымды бітіріп, армияға барып келдім. Мен әскерде жүргенде әкем дүние салыпты. Көп кешікпей үкімет құлады. Ауылдың тоз-тозы шықты. Енді елде қалудың еш мәні жоқ еді. Тәуекелге бел буып, коммерцияға шықтым. Жұрт сияқты ұсақтамай, бірден Ресей мен Қазақстан арасында «КАМАЗдап» тауар тасыдым. Күш бар, жүрек бар, жас кезім. Бірді бірге сапырдым. Несін жасырайын, қыз-қырқынға да қырғидай тидік. Сөйтіп жүріп, Сарыкөлдің бір қызына ғашық боп қалдым. Махаббат деген өзі бір қиын нәрсе екен...

Түрінен романтиканың ізі де білінбейтін құждай ірі жігіт ағасының мұншалықты нәзік жүректілігі таңғалдырып, бетіне үңілдім. Езуі ыржиып, жүзінен мейірім төгіліп, риясыз жымияды.

– Содан үйлендік. Жеңгеңмен жиырма бес жылдай отастық. Ол өзі бір үйдің жалғыз қызы екен. Шешесі де жалғызбасты. Не керек, мені ауылда тұруға көндірді. Менікі «қолында тұрды» деген аты ғана, үнемі жолда, саудадамын. Тұңғыш қызым туғанда шешем іздеп келді. Құрақ ұшып күттік. Бұл кезде інім де қалада, бойдақ, шешем қара шаңырақта жалғыз тұрып жатыр еді. Апта сайын соғып, керек-жарағын дүмеп апарып тұрған соң ба, ол жалғызсырайды деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмепті. Кетерінде оңаша шығарып алып: «Қалқам-ау, өз шаңырағыңа кім ие болады? Сәлімгерейдің ұлы күшік күйеу боп жүр» деген атқа қалдық-ау!» – деп көзіне жас алды. Албырт шағым, «осыдан біреу «күшік күйеу» деп көрсін, мойнын бұрап жұлып аламын», – дедім ақымақ басым. Көп ұзамай анамның сырқаты білінді. Жанұшырып емдеткенімізбен бәрі кеш еді. Мен бірден қаладан үш бөлмелі үй алып, көшіп келдім. Анамды қолыма алдым. Алайда аңдыған ажал қоймады, інім екеуміздің көз алдымызда көз жұмды. Қолымыздан ұстап тұрып, соңғы айтқан сөзі: «Тату болыңдар. Келіндерді ренжітпеңдер. Боқ дүниені қуа беріп қайтесіңдер?» – болды.

Оның алдындағы сапарда Троицкінің түбінде бір топ бұзықпен соқтығысып, пышаққа түскен едім. Олар бізге: «Шекарадан өткендерің үшін «дан» төлеңдер», – деді. Біз келіспедік. Өгіздей біреу «КамАЗ-дың» алдында маңдайыма пистолет тіреп тұрып алды. Он қадамдай жерде інім үш адаммен айқасып жатыр. Әлден уақытта біреуінің пышақ алып шыққанын көріп, тұра ұмтылдым. «Атып тастайды-ау» дегенді тіпті ойламадым. Пистолет шаңқ етті. Басымнан асыра аспанға атыпты. Абырой болғанда інімді құтқарып қалдым. Өзімнің арқама пышақ қадалды... Шешем соны сезіп қапты. Құрсын, айтайын дегенім ол емес. Серігім жүзін кері бұрып, тағы бір шылым тұтатты.

– Өмір бір орында тұрмайды. Анамнан айрылғанмен, қызым бар. Тіршілігіммен айыналыса бердім. Тек бұрынғыдай інімді ертпейтін болдым. Мен «ұлым болса, спорт үйірмесіне берсем» деп армандайтынмын. Бірақ маған ондай бақыт бұйырмады. Есесіне, қызымды ұлдай қылып тәрбиеледім. Жалғыз тал гүлім ол үмітімді ақтағандай да болды. Таэквондодан тоғыз рет чемпион атанды. Ресейдегі ақылы университетке заң факультетіне оқуға түсірдім. Үшінші курс оқып жүргенде халықаралық жарысқа қатысты. Өз салмағындағы жігіттердің өзін шақ келтірмей, жеңісті жұлып алды. Қан деген жібермейді ғой... Жарыс біткен соң бір генерал-лейтанат келіп: «Осындай мықты қыз тәрбиелегеніңізге рақмет!» – деп қолымды қысты. Ой, менің қызым дегенде шығарға жаным бөлек еді. Ол да солай сияқты-тын. Мұғалімдері он мың теңге жалақы алып жүргенде, қызыма отыз бес мыңның етігін кигіздім... Жалғызымнан немді аяйын?

Оның маңдай терісі жолбарыстай жиырылып, сұстана бастады. «Қап, жалғыз қызынан ерте айырылған екен ғой» деп топшыладым іштей. Неткен аянышты тағдыр еді.

Иә, мен одан ерте айырылдым, – деді ол ойымды оқып қойғандай. – Өкініштісі, мен одан тірідей айырылдым. Қазір көрмегеніме он жылдан асты. Үлкен жиенім он үште... Бір қалада тұрып, балаларымның бетінен сүйе алмаймын.

Тамағыма өксік тірелгендей болды. Ішімді әлдебір жалын шарпығандай күйдіріп өтті.

– Өзің үйленгенсің бе? – деді ол бойын тіктеп.

– Ажырасқанмын.

– Мен де. Бірақ мен өз еркіммен емес, әйелімнің өтінішімен айырылыстым.

Не айтарымды білмесем де, бірдеңе демекке оқтала беріп едім, серігім басын шайқады. Мұнысы сөзімді бөлме деген емеуріні деп ұқтым.

– Жеңгең де мені керемет сүйетін. Ұл тауып берсем деген арманы зортұғын. Бірақ бірінші баладан соң кесел жабысып, дәрігерлер жатырын алып тастады. Бара-бара дерті ұлғая берді. «Берік, сенен тұқым қалу керек. Ұл тудыр. Шаңырағыңды құлатпа. Мені жайыма қалдырып, үйлен!» – деп қыңқылдауды шығарды. Басында ауруы жанына батқан соң далбасалап айтады-ау деп ойлайтынмын. Жоқ, шын ниеті солай екен. Енді, мен де ауалана бастадым. Дегенмен қызымның теңін табуын күттім. Ол күн де келіп жетті. Қызым өзімен бірге жұмыс істейтін бір жігітке тұрмысқа шығатынын айтты. Дүркіретіп тойын өткіздік.

Тұңғыш жиенім өмірге келген соң бір күні шақырып алып, шешесі мені «құтты орныма қондырмақ» ойы барын жұқалап жеткізді. Мұны естігенде қызым жұлқынып шыға келді. «Жоқ, келіспеймін! Шаңырағың құламақ түгілі ортасына түссін. Шешемнің қасында боласың!» – деп шаптықты. Анасының ақылын құлағына қыстырмады... Алайда енді бәрі кеш еді. Мен қарамағымда істейтін өзімнен жиырма бес жас кіші бір қызбен көңіл қосып, сөз байласып қойған болатынмын. Оның аяғы ауырлай бастағанда, бәйбішеме үш бөлмелі үйімді, көлігімді, жеткілікті ақша қалдырып, екінші рет үйлендім. Көп кешіктірмей, қызымның мүлік даулаған «хаты» келді. Шешесін ажырасуға арыз жазуға көндіріп, күштеп қол қойдырыпты. Ол кезде мен де бизнесімнен бөлек үш үй бар еді. Заңмен қудаласа, түксіз қалдырар деп, бір үйімді інімнің, екінші үйімді жас келіншегімнің атына жазып үлгердім. Мұны білген қызым тұрып жатқан үйіме баса-көктеп кіріп, айғайға басты. Мен де қарап тұрмадым. Естімеген сөзім жоқ, қаным басыма шапты. Өмірімде мұндай ашуланбасын. Есімді жисам, күйеубалам еденде талып жатыр. Маған қарай – ұмтылғанда, жағынан ұрыппын. Қызым бетін басып солқылдап жылап отыр. Жас босанған келіншегім әлі қырқынан шықпаған қызымды алып, далаға қашып кетіпті. Қанша дегенмен іштен шыққан шұбар жылан ғой, баламды бауырыма басып жұбата бердім. Оған да

жұдырығым тиген сияқты. Кенет, ту сыртымнан әлдекімнің кеп қалғанын сездім. Мен қызыммен әуре боп жүргенде күйеубала есін жинап алыпты. Жалт қарағанымда жарқ ете қалған пышақты көрдім. Жалтарып үлгердім. Екінші рет сілтегенде қорғанып қолымды тостым. Өткір пышақтың жүзі кірші етіп білегіме бойлады. Есімде қалғаны, шыңғырып жіберген қызымның күйеуін аямай жақтан тепкені... Сол сәтте полиция кіріп келе жатты...

Ол тағы бір тал темекі тұтатты. Аядай қуысты көк түтін басып, буалдырлана бастады. Тамағым жыбырлап, тұншығып барамын. Алайда әңгімені бөлуге дәтім жетпеді. Қарсы алдымдағы кісі асықпай білегін түріп, жарты қарыстай болатын жарақаттың орнын көрсетті.

– Арыз жазбадым, – деді ол. – Жалғыз-ақ «сен неге бүйттің, қызым?» деп сұрадым. «Сені қорқытқымыз келді» – деп шынын айтты. «Ей, – дедім ышқынып. – Бала күнімде әкем белбеумен, шықпыртқанда көзімнен бір тамшы жас шықпаған мен, оқушы шағымда күнде таяқ жесем де бір қыңқ демеген мен, армияда он жігіт жабылып ұрғанда қайтпаған мен, сені асыраймын деп басымды бәйгеге тігіп, Ресейдің бандиттері маңдайыма пистолет тіреп тұрғанда тайсалмаған мен, сонда сенің мына шірігіңнен қорқады дедің бе? Көксегенің ақша болса ал!» деп, келесі күні дүкенімді соның атына аударса салдым.

Осыны айтқанда ол кеңк-кеңк етіп, иықтары селкілдеп кеткенін көзімді жерден алмасам да сезіп отырдым.

– Туған перзентім маған осылай істеді, түсінесің бе? Дүниедегі ең қымбат адамым, тірегім санаған бауыр етім – балам осылай етті. Сен мұны түсінесің бе?

Осының бәріне менің де кінәм бардай басымды көтере алмадым. Бір-екі рет солқ-солқ еткен серігім, сәлден соң иығымнан түртті. Қарасам, көзінен сорғалаған жасын сүртіп, зорлана жымылып тұр екен:

– Жүр, сырамызды ішейік, – деді түк болмағандай.

Бильярдымыз тағы да қосулы қапты. Кезек күткен ойыншылар бос тұрған үстелді төңіректеп жүр екен.

– Ойнамайтындарың бар, босатпайсыңдар ма?! – деп кіжіңдеді әлдекім.

– Иди отсюда, бұл ақшасы төленген біздің үстел. Бауырым, тағы екі сыра, – деді барменге. Кийімізді қайта қолға алдық.

– Чужой, – деген дауысы шықты қарсыласымның. Оқтай зулаған қызыл шар тиген бір шар қуысқа зып етті. Даукес те қарасын батырып үлгеріпті.

Ойын жайына қалған. Бастап қойған кітапты аяқтауға асыққандай, мына шым-шытырықтың немен тынарын білуге ынтығып барамын. Көз алдымда шашылған бильярд шары емес, қып-қызыл қан. Жайрап жатқан әке, жылап жатқан қыз. Кісіліктен безген күйеубала. Төсекте ыңырсыған ауру ана. Көшеде шырылдап жүрген нәрестелі келіншек...  
Ию-қия полиция көлігі, жедел жәрдем машинасы...

Тапсырысымыз келісімен дастарқанға жайғастық.



– Сонымен, елуден асқанда екінші рет үйлендім дедім ғой. Бірінші баламыз қыз болды. Елу төртке келгенде көптен күткен ұлым туды! Бар дау-дамай содан кейін басталды. Ұлым өмірге келісімен әйелім мінез шығара бастады, бұрынғыдай қаймығуды қойды. Қайын енем де «еркелікті» жиілетті. Өзі менен үш-ақ жас үлкен еді. Күйеуін ауылда қалдырып, қолымызға кіріп алды. Бір күні ковид жұқтырып кепті. Ауруханаға барудан бас тартты. Мұны көргенде жаным ышқынып кетті. Ұлыма, әйеліме індет жұға ма деп зәрем ұшты. «Бар ақшаңды төлейін, қонақүйге барып тұр», – дедім. Ақыры, үйде ұрыс шығып, полиция шақырды. Қызыммен соттасып жүргенде некеге тұруды ойламаппыз. Оның не қажеті бар деп санасам керек. Солайша, өз үйіме өзім «бөтен» боп шыға келдім. Оған керегі баспана ғана екен. Маңдай теріммен тапқан пәтерімді бір сөз айтпай босатып бердім. Адамды намыс өлтіреді ғой, ол үйдің есігін қайыра ашпадым. Қайтесің, мінезім солай. Қойнымда жатқан әйелім өзіме бөтен боп шықты. Тек ұлымды ғана қия алмадым... «Қатын жапа, ит опа» деген – осы... Қазір таксистпін. Бір қатынмен тұрып жатырмын. Ол: «Некеге отырайық», – дейді. «Ондайды ойыңа да алма», – дедім. Ұлым жақында төртке толды, балабақшасына барып, бетінен сүйіп тұрамын. Бармайын деймін, бірақ шыдай алмаймын. Сынбаспын деп ем, – сындырды. Солай, бала.

– Ал үлкен қызыңыз қайтті? Ара- қатынасыңыз қалай?

– Қызым дүкенді атына аударғансын қарасын да көрсетпеді. Бірақ бизнесі қайырлы болмады. Шірік күйеуі бір іске шатылып, бар мүлкін сатты. Одан адам болған ол жоқ, лудоман боп кеткен. Қазір қызым бір өзі алты адамды асырап, пәтер жалдап жүр. Өзінің ауру шешесі, арамтамақ күйеуі, енесі, үш баласы – бәрі қызымның мойнында отыр. Мені жолатпайды. Қаталдығы сұмдық. Қанша дегенмен, менің қаным ғой... Ішім удай ашиды. Бір жағынан, өзіне де обал жоқ деймін. Бәлкім, менің де кінәм бар шығар. Жасыратын несі бар, қызыма ұлдай қатал қарадым... Іштей жақсы көріп, сырттай білдіртпейтінмін. Онымды мықтылық санадым. Дер уақытында махаббатыма бөлей алмадым. Содан да тасбауыр боп кетті ме екен, әлде заман басқа ма?

– Өмір ғой, – дедім басқа айтар дәнеңе таппай.

– Әрине, өмір, – деді ол жайбырақат.

– Әңгіме мұнымен біткен жоқ. Шырқау шегіне енді келдік! Тек тыңдауға дайын бол!

Мен оған таңырқай қарадым. Манадан бері сөйлеп отырған басқа адам да, мынау мүлдем бөгде кісі секілді. Әлде күлімдеп, әлде ызаланып тұрғаны беймәлім, күңгірт залда көздері жылт-жылт етеді. Қатпар-қатпар маңдайынан шып-шып тер жылтырайды.

– «Қызым пәтер жалдап тұрады» дедім ғой. Кімнің үйін жалдап жатыр деп ойлайсың?

Бұл мен үшін тосын сұрақ еді. Естігенімнің бәрін ойша жүгіртіп өтсем де, ілік таппай, иығымды қиқаңдаттым.

– Туған інімнің, – деді ол дауысын мәнерлей созып. – Мана айтқан, қызым тартып алып қояр деп жаздырған менің үйімді жалдап отыр. Айына 200 мың төлейді. Түсінесің бе? Өз інім өз үйімді өз балама, өзінің қарындасына жалға беріп отыр. Рас, алдында бір-екі жыл тегін тұрды. Одан соң қиғылық салып, соттасыпты. Шірік, келін баладан аса алмады. Байғұс, мыңқ-мыңқ етіп кешірім сұраған болады. Кешірімімен «...тімді» сүртем бе? Онымен араласпағаным да он жылдай боп қалды. Басымды біреу балғамен салып жібергендей болды. Егер басқа адамнан естісем, сенбес едім. Алдымда отырған азамат жалғаншыға ұқсамайды.

– Уф, – деді ол саптыаяқты төңкере салып. – Ішім бір босап қалды-ау. Жазғыш болсаң осыны жаз. Бір әрібін өзгертпей жаз! Жүр, бильярд ойнайық! Армиядан келгелі кий ұстамаған екенмін. Қарап тұрсам, 38 жыл бопты-ау. Бүгін аяқасты тас құғым кеп кетті. Бәлкім, әкемді еске алғаннан, арқамнан қаққанын сағынғаннан шығар. Таяғы қатты батқанда ренжуші едім. Қазір мені ұратын адам жоқ... Шіркін, шықпыртып тұрып сойса ғой. Міне, елу сегіздемін. Ұлым төртте. Енді бес-алты жылда ол да кий ұстауға жарап қалады. Айтқандай, үлкен жеңгеңмен сөйлесіп тұрамын. Ол да тірі аруақ қой. Санаулы күндері қалды. Қолыма алып, бағайын десем, қызым рұқсат етпейді, жібермейді. Неге сонша өшіккенін итім білсін. Жеңгең... алғашқы махаббатым ғой. Кім періште дейсің, әйелімнің алдындағы күнәмді сөйтіп жусам... Бәлкім, қызым да жібір ме еді? Қалай ойлайсың?

«Әркімнің өз қайғысы өзіне ұлы қайғы боп көрінеді» дегенді бір жерден естіп едім. Армансыз пенде бар ма, біздің кеуде де талай мұңның моласы еді, алайда мына сұрақтың қинағаны сондай, амалсыз басымды шайқай беріппін... Ол мұнымды «жоқ, қызың қайтып оралмайды» деп түсінген тәрізді.

Өзім де қайырылмас деп ойлағам. Нешауа... Осылай, інім, қазір жұрттан саяқ жүріп жатқан жайымыз бар... Сырымды айтар дос та қалмады. Қатарымның алды келін жұмсап, немере сүйіп, ата боп шалқып отыр. Олар мені қайдан түсінсін! Жалғыз бауырым анау... Кезінде дәрет сындырған жеріме бара алмайтындардың көсемсігенін көргенде... намыстан жарылып кете жаздаймын. Соқ кәне, кезек сенікі!

Алдымда тұрған шарды мақсатсыз ұра салдым. Қарсыласым түк болмағандай ойын алаңына үңіледі. Шар кіргізуден басқа мұраты жоқтай.

– Мынаны «чужой» кіргіземін, – деді үстел бетін нұсқап. Содан соң «чужой!» – деді көтеріңкі леппен.

Қызыл шар тағы да борттан асып түсті. Ол да қалған ақ шарларды бөтен санайтын, ойынға қатысқысы жоқ сияқты. Немене, басқа шарлар оны жатырқай ма екен?